


1858 - 1931

**Шәкәрім
Құдайбердіұлын
ың
өлеңдері**



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Білім алушыларға Шәкәрім шығармаларын таныстыру. Өлеңдерінің

мағынасын ашу.

Тәрбиелік: Адамға тән міндеттерді дәріптей отырып, жаман әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Білім алушылар дүниетанымын кеңейту, ой ұшқырлығына баулу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту.

I. Ұйымдастыру кезеңі

Үй тапсырмасын сұрау.

Бақылау диктаны

(көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қою)

Шәкәрім Құдайбердіұлы ... дүниеге келді. Құдайберді ... жасында дүниеден өткен соң, атасы ... тәрбиесінде болады. Шәкәрім ... тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің ... атты өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ алғанын жазған. ... жасынан өлеңге бейімділігін танытады. Оның зеректігін таныған ... Шәкәрімді өз қамқорлығына алады. Молда сабағынан басқа үйренеді. Шәкәрім ғылым-білім қуумен қатар ... өнерлерді де үйренеді. Ол ... кеңесімен әртүрлі кітаптар оқуға машықтанады. Ол басынан өткен тарихи оқиғалар, адам тағдыры жайында сюжетті дастандар жазды. Оның ... атты лирикалық дастандары ақынның алғашқы табысы.

Бақылау диктанты

(көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қою)

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келді. Құдайберді 37 жасында дүниеден өткен соң, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болады. Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің “Мұтылғанның өмірі” атты өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ алғанын жазған. Жеті жасынан өлеңге бейімділігін танытады. Оның зеректігін таныған Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады. Молда сабағынан басқа орысша үйренеді. Шәкәрім ғылым-білім қуумен қатар домбыра тарту, гармонда ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу өнерлерді де үйренеді. Ол Абайдың кеңесімен әртүрлі кітаптар оқуға машықтанады. Ол қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар, адам тағдыры жайында сюжетті дастандар жазды. Оның “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” атты лирикалық дастандары ақынның алғашқы табысы.

Өткен сабақты бекіту


**Біз осы Шәкәрімді білеміз бе?
Білсек, кім деп білеміз?**

II. Сергіту сәті

“Жақсы адам болу үшін не істеуіміз керек?”

**Шәкәрім
Құдайбердіұлыны
ң
өлеңдері**



A decorative arrangement of dried plant stalks, including a tall, slender, spiky stalk and several shorter, feathery stalks, are placed in a clear glass vase. The vase is filled with a reddish-brown liquid. The arrangement is set against a light green background.

III. Ой қозғау

1. “Еріншек” сөзін қалай түсінесіңдер?
2. “Борыш” сөзіне түсінік беріңіздер



ІҮ. Мағынаны аш

- 1. “Тілазар”, “салақ”, “жігерсіз”
сөздерінің мағынасын ашу.**
- 2. Әрбір адамның Отан алдында,
халық алдында, ата-ана
алдындағы борышы туралы
түсінік.**

«Еріншек»

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық.
Бірінен – бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық.

Еріншек таза жүре алмас,
Кірі – қолын жуа алмас.
Харекет жоқ, ғылым жоқ,
Өз бойынан ұялмас.

Жүрейін десең, тұрғызар,
Төсекке мойын бұрғызар.
«Аналар да жүр ғой»,- деп,
Біреуді мысал қылғызар.

Тұрайын десең, жатқызар,
Буынды сүйтіп қатқызар.
Орынды іске кіргізбей,
Не болса соны шатқызар.

Іс қалдырмас еселі –
Ең білімнің кеселі.
Кірсе бойдан шығу жоқ,
Күн сайын өсер бес елі.

Төбенді сөйтіп теседі,
Орныққан сайын өседі.
Ғибадат жоқ, өнер жоқ,
Бәрінің жолын кеседі.

Дауласаң желдей еседі,
Өзі айтып, өзі шешеді.
Үйір болған кісілер
Жан тыныштық деседі.

Жан тыныштық бұл емес,
Жан дененің құлы емес.
Өзің байлап бересің,
Жан жұмысы ол емес.

Еріншек, ашу, құмарлық –
Бұларды істен шығардық.
Жамандықтың басы осы,
Кісі болса ұғарлық...

«Адамдық борышың»

Адамдық борышың-
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл – тұл.
Мақтанға салынба
Мансаптың тағы үшін,
Нәпсіңе билетпе
Басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң -
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!



Mega-Income

I – топ тапсырмалары

“Еріншек” өлеңі

1. Өлеңге сүйеніп еріншек адамның бойындағы жағымсыз қылықтарды толықтырып жазу.
2. Еріншектік, жалқаулық туралы мақал-мәтел жазу.
3. Еріншектік, жалқаулық туралы автордың қорытынды ойы қандай екенін түсіндіру.
4. Өлеңдегі “салақтық, надандық, еріншек, ашу, қумарлық” сөздеріне мағынасы қарама-қарсы сөздерді табу.

II – топ тапсырмалары

“Адамдық борышың” өлеңі

1. Өлеңге сүйеніп адамдық борыштарды жазу.
2. “Ақ жолдан айныма” сөз тіркесінің мағынасын түсіндіру.
3. “Қайтадан қайырылып қауымға келмейсің” деген өлең жолында ақын не айтпақ болғанын түсіндіру.
4. Адамға тән жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттерді бөліп жазу: (білімді, мақтаншақ, арлы, білімсіз, еңбекқор, мансапқор, айлакер, жалқау, өсекші, шыншыл, өнерлі, өтірікші, жомарт, сараң, қайырымсыз, ата-ананы сыйлайды)
5. Сөздікпен жұмыс.

Жаз келер

Жаз келер, қыстыгүнгі қысым өтіп,
Қар, суық, аяз, боран – бәрі кетіп.
Қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды,
Табиғат барша жанға рахым етіп.

Жетпекке үлкендікке жас балалар
Жүгірер қырдан-ойға дүбірлесіп.
Шал-кемпір күншуақтап, көңілі жай боп,
Өткен күн, өмірін айтып, күбірлесіп.

Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,
Қуанып ойнақтайды олар да өсіп,
Сүйтсе де адам көзі бір тоймайды,
Харекет берсе-дағы қанша несіп.

Жастарға

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.



Ү. “Менің түйгенім”

1. Шәкәрім өлеңдерінің тақырыбы, идеясы жағынан Абай өлеңдеріне ұқсастығы.
2. ВЕНН диаграммасы: “Абай – Шәкәрім”

A decorative arrangement of dried wheat stalks and a silver beehive-shaped object in a glass vase. The wheat stalks are golden-brown and have a feathery appearance. The silver object is a tall, cylindrical beehive with a textured surface. The vase is a simple, rounded glass container. The background is a light blue gradient.


ҮІ. “Ой толғау”

“Халыққа еңбек ету”, “Білім, өнер үйрену”,
“Өзімшіл болмау”, “Өміріңді босқа өткізбе”,
“Артыңа жақсы іс қалдыр”, “Өміріңді мәнді,
мағыналы өткіз”




ҮІІ. Кері байланыс парағы

1. Сабақта мен үшін не қиын болды?
2. Сабақта не істедік? Не үйрендік?
3. Мен нені білгім келеді?
4. Менің тілек, ниеттерім.
5. “Қоқыс жәшігі”, “Шабадан”, “Еттартқыш”
(келген қонақтарға)



ҮІІІ. Үйге тапсырма.

1. Ш. Құдайбердіұлының өлеңдерін жаттау,
талдау жасау.
2. “Менің борышым” тақырыбына шығарма
жазу.



Х. Қорытынды

Адам үшін – еңбегім,
Өмірден барлық тергенім.
Қалағанын қалап ал,
Мұрам сол, жастар,
бергенім!